

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

С.Г. Тер-Минасова пікірінше, реалиялары бар түпнұсқа мәтіннің аудармада барабарлы қабылдауы мүмкін. Бұл үшін аударма тілінде «қоғамдық-мәдени түсініктемелер берілуі керек.

Қорыта келгенде аударма – бұл тілаларлық қатынас үшін пайдаланылатын жалғыз ғана тәсіл. Оның негізі мақсаты — әр түрлі тілдерде сөйлейтін кісілердің қатынасын максималды түрде бір тіл ширегінде сөйлейтіндей ету.

Гете айтқандай, «Аудармада аударылмайтынға жету қажет. Сонда ғана басқа халықты, жат мәдениетті білуге болады». Гетенің сөздерін реалия анықтамасына жатқызуға болады. Өйткені реалия тек қана аймақтық құбылыстарды және ұғымдарды білдіретін берілген, басқа халықтың тұрмысында, тілінде жоқ сөздер. Алайда, аудармашылар реалия сөздерді аударған кезде оларға эквиваленттерді немесе аударма тәсілдерін қолдануға тырысады.

Аударма мәселелері бірнеше кезеңдерден тұрады. Көптеген аудармашылар «реалия» сөзінің мағынасы туралы әлі күнге дейін таласуда; реалия сөздер топтамасы туралы көптеген карама-қарсы пікірлер бар (негізінен қарастырылып жатқан сөздерді қандай қасиеттеріне байланысты топтарға бөлу қажет). Алайда тағы бір талас реалия сөздерді аударған кезде қандай тәсілдерді қолдану қажет деген мәселе төңірегінде туады. Сонымен, реалия сөздерді аударған кезде қандай тәсілді таңдауы қажет деген сұрақ аудармашы алдында тұрған сұрақтардың бірі және ол аудару мақсаттарына байланысты болады.

Дұрыс аударма жасау үшін аудармашы фондық білім мен мәліметтермен қамтамасыз етілген болу керек.

Реалия сөздерді жеткізу үшін, мәтіннің жанрына қарап, талдап, ойлану қажет. Егер де бұл ертеке болса, онда ұлттық ерекшеліктеріне қарау қажет, егер бұл этнографиялық очерк немесе басқа елдерге, аудандарға саяхат туралы әңгімелер болса, онда реалия сөздер максималды түрде жеткізілуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Қ. Алпысбаев, Г. Қ. Қазыбек «Қазақ аудармасының теориясы мен тәжірибесі» Алматы 2001, 21 бет
2. В.С. Виноградов «Введение в переводоведение» Мәскеу 2001, 57 бет
3. Л. С. Бархударов «Язык и перевод» Мәскеу 1975, 95 бет
4. А.В. Комиссаров, В.Н. Коралева «Практикум по переводу с английского языка на русский» Мәскеу 1990, 101 бет
5. Ф.Р. Ахметжанова «Аударматанудың кейбір мәселелері» Өскемен 2009

УДК 811.133.1'373.

АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ ЕНГЕН НЕОЛОГИЗМДЕРДІ АУДАРУ ЖОЛЫНЫҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕРІ

Сыдиық Жансая Саясатовна

zhansaya_s_95@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент А.М. Қызырова

Аударма ісі өткен тарихта болсын, бүгінгі күнімізде болсын мәдениеттерді байланыстыру құралы ретінде қызмет етіп келеді. Аударма – тілдік қонақжайлылық, кеңпейілділік, кеңшілік түрі. Аударма – өз тіліңді қайта ашудың, өз тіліңді байытудың, соның әсерінен өз мәдениетіңнің көкжиегін кеңейтудің пәрменді құралы. Ендеше, аударма мәселесі мәдени ортақтасуды жүзеге асыратын мәдениеттер сұхбаты мәселесімен иық тіресе жүрері сөзсіз.

Қазіргі таңда қазақ тіл білімі ғылымында арнайы зерттеуді талап ететін салалардың бірі – аударманың теориясы. Бұл сала – қазақ тілтанымы үшін әлі жетілмеген, тиісті деңгейдегі ғылыми сипатын ала қоймаған тіл білімі салаларының бірі. Сондықтан бұл ғылымның негізгі бағытын айқындап бере алатын бірқатар ұғым-түсініктердің даралана қоймау себептері де осыған тікелей байланысты.

Қазіргі қазақ тіл білімінде аударма мәселесімен түбегейлі айналысып жүрген ғалым А.М.Алдашева докторлық диссертациясында «...қазірге дейін аударма теориясының басты дәйектемелері, шешуші негіздері, аударматану ғылымының басты объектісі мен ұстанымдары, әдіс-тәсілдері мен бірлік тұлғалары, аударманың нормасы, тәржіма ісіне қойылатын талаптар сияқты маңызды жағдаяттардың анық-қанығы ғылыми тұрғыдан анықталған емес» [1],– деп атап өткен. Жалпы, Қазақстан тіл білімінде аударма теориясының қалыптасуына Ө.Айтбаев, А.М.Алдашева, Б.Хасанов, Р.З.Загидуллин, Н.Ж.Шаймерденова және т.б. ғалымдардың еңбектері үлес қосады. Аударма теориясының негізін қалаушылар – К.И.Чуковский, Н.С.Гумилев, А.В.Федоров сынды кеңес ғалымдары. 1930 жылы К.И.Чуковский мен А.В.Федоровтың «Искусство перевода» атты кітабы жарық көрді. Бұл зерттеу еңбегі аударма теориясының жаңа ғылым саласы, ерекше пән ретінде қалыптасуына өз үлесін қосты.

Бүгінгі таңда аударма теориясында өзекті болып отырған жаңа сөздердің аудармасы. Басқаша айтқанда –неологизмдер. Неологизм сөзін грек тілінен аударғанда — тілдегі жаңалық, жаңа сөз деген ұғымдарды білдіреді.[2] Неологизмдер жайлы А.З.Қазанбаева, Қ.Жұбанов, Ө.Қайдар, Ө.Айтбайұлы, М.М.Копыленко, Е.Жанпейісов, О.Д.Мешков, Л.Гилберт және т.б. ғалымдар қарастырған.

Ғалым А.З.Қазанбаева өз еңбегінде «неологизм» түсінігіне екі түрлі көзқарасты білдіреді. Бірінші «неологизм» термині тілде жаңадан қалыптасқан тіл қалыптастырушы үлгідегі сөздермен сәйкес келсе, екіншіден бұрын-соңды болмаған, белгісіз түсініктерді, затты, ғылым саласын, мамандықты білдіреді [3].

Ал, Қ.Жұбанов, Ө.Қайдар, Ө.Айтбайұлы, М.М.Копыленко, Е.Жанпейісоватар неологизмнің сипаттамалы, салыстырмалы, ретроспективтік әдістерін зерттей отырып, тілдік деректерді түрлі компоненттік, концептуалдық талдау және интерпретациялау, жаппай сұрыптау, жүйелеу, салыстыру, талдау, синтездеу тәсілдері қолданған.

Орыс ғалымы О. Д. Мешков күрделі неологизмдердің жасалу жолдарын қарастырса, Л.Гилберт өз еңбегінде сөз құрау тәсілінің өнімділігі ретінде неологизмдер жіктеуін түбегейлі ұсынды.

Жоғарыда айтылған ғалымдардың еңбегін зерделей келе, қазіргі таңда ағылшын тіліне енген неологизмдерді аудару әлі де қарастыру үстінде екенін анықтадық.

Жаңа сөздер тез арада қолданысқа кіріп, қажетті және белсенді түрде сөздік құрамға енуде. Қазіргі кезде ағылшын тілінде жаңа сөздердің пайда болуының көптеген әдістері бар, олардың қатарына жаңа сөз өнімділігі, сөз құрау, конверсиялық (өзгерту), қысқарту, адъективизациялық, субстантивтік (бір есімнің екінші есімге айналуы), кері сөз құрылымы, лексико- семантикалық тәсіл, дыбыстардың кезектесуі және сөздегі екпіннің ауыстырылуы (фонологиялық тәсіл) және т.б. Бірақ, аталған әдістердің барлығы да бірдей қолданыла бермейді және әрқайсысының өзіндік сөз құрылым процесіндегі салмақтары бірдей емес. Нақты айтар болсақ, жаңа сөз өнімділігі мен сөз құрылым сияқты тәсілдер жаңа сөз құраудың негізгісі болып табылады. Бұған дәлел ғалымдардың зерттеуінде 3000 қарастырылған сөздердің ішінде жаңа сөз өнімділігі мен сөз құраудың көмегі арқылы жасалған 88%-ы жаңа сөздер болып шыққан.

Заман ағымына қарай жаңадан енген сөздерді аудару дамыған елдер қатарынан қалмауымызға септігін тигізеді. Осы ағылшын тіліне енген жаңа сөздерді қазақ тіліне аудару жолдарын отандық ғалымдардың зерттеу нысанына айналған. Ағылшын тіліне енген жаңа сөздерді қазақ тіліне аудару жолдарын қарастыра отырып, «квазиаударымсыз», «транслитерация», «калькалау» әдістеріне тоқталуды жөн көрдік.

- *Квазиаударымсыз әдісі.* Бұлай аталудың себебі бұл әдісті қолдануда аудару жарғысы дыбыстық (тыныс белгілерінде) немесе графикалық (транслитерацияда) жарғыларына ауыстырылып, сөздің құрылымы аударылып жатқан тілге өз мағынасын сақтап аударылады. Бірақ бұл әдістің аударымсыз деп аталғанымен шындығына келгенде ондай емес, мұнда шеттен алған сөздер оның бар болуының алғышарты ретінде аудару үшін жасалады.

- *Транслитерация әдісі.* Транслитерация әдісі бойынша ағылшын сөздерінің қазақ тілі әріптерімен жазылуын айтамыз, мысалы, put - «пут» (опцион), Nikkei - «Никкей» (Токио қаржы биржасындағы құнды қағаздар курсының индексі) және т.с.с. Транслитерация әдісін аудармашылар XIX ғасырдың соңына дейін кеңінен қолданылы. Осы әдіс үшін аудармашы ағылшын сөзінің айтылуын білуі шарт емес болатын және ол тыңдаушының қабылдауымен шектеледі.

- *Калькалау әдісі.* Аудару әдістерінің ішінде өзінше орны бөлек деп айтуға болады. Калькалау әдісінің артықшылығы болып оның көмегімен алынған баламаның қарапайым және қысқа болуы, оның түпкі сөзге қатысты болуы, толық ұқсастыққа дейін баруы табылады. Калькалау баламаны құраушы әдіс ретінде дәлме-дәл аударумен туыстас, бүтін баламасы құраушы бөліктерінің баламаларын қарапайым жолмен қосу арқылы құралады. Осыдан келе, калькалауға күрделі сөзден жасалған неологизмдер келеді. Мысалы үшін multicurrency сөзі multi және currency сөздерінен құралған, ал әрқайсысы жеке-жеке «көп» (көптік мағынаны білдіретін жұрнақ) және «валюта» болып аударылады, ал екеуін қосқанда «көпвалюталы» сөзі шығады; немесе interbank (market) = inter- ("аралық-") + bank ("банк") – "банкаралық (нарық)".

- Транскрибирлеу әдісі. Транскрибирлеу дегеніміз - ақпаратты транскрипция көмегімен жазу немесе мәтінді айырып оқу. Мұнда сөздің орфографиялық емес фонетикалық формасы ескеріледі, ағылшын және қазақ тілінің фонетикалық жүйесіндегі айырмашылықтар байқалады.

Ойымызды қорытындылай келе, тіларалық байланыстар барысында неологизмдерді аударудың бірнеше жолдарын зерделеп, қазіргі таңда аударма тәжірибесінде көп тараған әдістердің бірі- транскрибирлеу әдісі деп таныдық. Ал, калькалау әдісінің көмегімен алынған баламаның қарапайым және қысқа болуы, оның түпкі сөзге қатысты болуы, толық ұқсастыққа дейін баруы оның артықшылығы болып табылады. Қысқалық пен әсерлі терминологиялық қасиет оларды газеттерде, публицистикалық және қоғамдық-ғылыми жұмыстарды кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Аталған әдістер аудармада кеңінен қолданысқа ие болғанымен, әдістердің түрлері әрі қарай өрби түссе деген үміттеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1999. – 161 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 2002.
3. А.З.Қазанбаева. Қазақ тілі (экономика факультетінің студенттеріне арналған). – Қарағанды, 2003. – 110 б.

УДК 81'253

АНИМАЦИЯЛЫҚ ФИЛЬМДЕРДІ АУДАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

(ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылған мультипликациялық фильмдер негізінде)

Сәдуақасова Аида Берікқызы

aida_9464@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – PhD докторы Л.Б. Қиманова

Қазіргі таңда қазақ кинематографиясына сан алуан шетел кинотуындылары импорт тауары ретінде енгізіліп жатыр. Соның ішінде балаларға арналған анимациялық фильмдер де